

Кеден органының лауазымды адамына қызметтік міндеттерін орындауына байланысты, өзінің кәсіби қызметімен одан әрі айналысуына мүмкіндік бермейтіндей болып мертіккен не денсаулығына өзге де зақым келген кезде, сондай-ақ ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қазандағы N 1079 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 қазандағы № 1034 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.07 № 1034 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 526-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:** Қараңыз.К100296

1. Қоса беріліп отырған Кеден органының лауазымды адамына қызметтік міндеттерін орындауына байланысты, өзінің кәсіби қызметімен одан әрі айналысуына мүмкіндік бермейтіндей болып мертіккен не денсаулығына өзге де зақым келген кезде, сондай-ақ ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасына немесе оның асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне) біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 шілдедегі N 644 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 28, 269-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

2 7

қ а з а н д а ғ ы

N

1 0 7 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Кеден органының лауазымды адамына қызметтік міндеттерін орындауына байланысты, өзінің кәсіби қызметімен одан әрі айналысуына мүмкіндік бермейтіндей болып мертіккен не денсаулығына өзге де зақым келген кезде, сондай-ақ ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу ережесі**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 526-бабына сәйкес әзірленді және кеден органының лауазымды адамына қызметтік міндеттерін орындауына байланысты, өзінің кәсіби қызметімен одан әрі айналысуына мүмкіндік бермейтіндей болып мертіккен не денсаулығына өзге де зақым келген кезде, сондай-ақ ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу тәртібін айқындайды. Қараңыз.К100296

2. Біржолғы өтемақы төлеуді кеден органының басшысы бұйрығының негізінде лауазымды адамның жұмыс орны бойынша кеден органының қаржы қызметі (бұдан әрі - қаржы қызметі) оны алуға құқығы бар адамдарға жүргізеді.

Кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін орындауына байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда - қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы немесе оның асырауындағы адамдар (мұрагерлер), ал кеден органының лауазымды адамы өзінің кәсіби қызметімен одан әрі айналысуына мүмкіндік бермейтіндей болып мертіккен не денсаулығына өзге де зақым келген жағдайда кеден органының тиісті лауазымды адамы біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адамдар болып табылады.

3. Кеден органы лауазымды адамының қаза табу (қайтыс болу), сондай-ақ өзінің кәсіби қызметімен одан әрі айналысуына мүмкіндік бермейтіндей болып мертігу не денсаулығына өзге де зақым келу мән-жайлары туралы тергеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі. V053932

4. Жазатайым оқиғаны тергеу жөніндегі комиссия кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін орындауына байланысты қаза табу (қайтыс болу), сондай-ақ өзінің кәсіби қызметімен одан әрі айналысуына мүмкіндік бермейтіндей болып мертігу не денсаулығына өзге де зақым келу фактісін растайтын қорытындыны қабылдаған сәттен бастап лауазымды адамның жұмыс орны бойынша кеден органының кадр қызметі (бұдан әрі - кадр қызметі) 7 күнтізбелік күн ішінде біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адамдарды осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес мынадай құжаттарды ұсына отырып, біржолғы өтемақы төлеуге өтінішті беру қажеттілігі туралы жазбаша хабардар етеді:

1) кеден органының лауазымды адамы қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда:  
алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының қайтыс болуы туралы куәліктің  
нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

кәмелетке толмаған алушының тууы туралы куәлігінің көшірмесі;  
некеге тұру туралы куәлік не сот органдарының алименттер туралы атқарушы  
құжаты (қамқоршылық туралы құжат) не мұрагерлікке құқығы туралы куәлік;

2) кеден органының лауазымды адамы өзінің кәсіби қызметімен одан әрі  
айналысуына мүмкіндік бермейтіндей болып мертіккен не денсаулығына өзге де  
з а қ ы м к е л г е н к е з д е :

м е д и ц и н а л ы қ қ о р ы т ы н д ы ;

халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық  
бөлімшесінің мүгедектікті белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;

3) мүгедектікті белгілемей еңбек қабілетін тұрақты жоғалтуы анықталған  
кезде: медициналық қорытынды.

5. Біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адамдар өтініш берген кезде кадр  
қызметі осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген құжаттардың толықтығы мен  
ресімделуінің дұрыстығын тексереді және оны 2-қосымшаға сәйкес біржолғы  
өтемақы төлеуге арналған өтініштерді тіркеу журналына тіркейді.

Талап етілген құжаттар толық ұсынылмаған немесе олар дұрыс  
ресімделмеген жағдайда өтініш тіркеуге жатпайды, өтініш берушіге қайтару  
себептері көрсетіліп қайтарылады.

6. Кадр қызметі өтінішті журналға тіркеп, біржолғы өтемақы алушыға ісқағаз  
толтырады және оны қаржы қызметіне жібереді.

7. Қаржы қызметі лауазымды адамның соңғы атқарған лауазымы бойынша  
ақшалай үлесі туралы анықтаманы ісқағазға қоса отырып, 7 күннен аспайтын  
мерзімде лауазымды адамның жұмыс орны бойынша кеден органының  
басшысына оны тағайындау күнін көрсете отырып, біржолғы өтемақы төлеу  
туралы шешім қабылдау үшін ісқағазды ұсынады.

8. Біржолғы өтемақы төлеуді қаржы қызметі алушының жеке шотына немесе  
банктердегі не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік  
операциялардың тиісті түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардағы  
карт-шотына аудару жолымен өтініш берген сәттен бастап екі ай ішінде  
Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге  
а с ы р а д ы .

Кәмелетке толмаған алушыға біржолғы өтемақы төлеу бұл туралы  
қамқоршылық және қорғаншылық органдарына немесе оның заңды өкілдеріне  
бір мезгілде хабарлай отырып, өтініш берілген сәттен бастап екі ай ішінде оның  
өтініште көрсетілген шотына бюджеттік ақшаны аудару жолымен жүргізіледі.

Кеден органының лауазымды  
адамына қызметтік міндеттерін

орындауына байланысты, өзінің  
кәсіби қызметімен одан әрі  
айналысуына мүмкіндік  
бермейтіндей болып мертіккен  
не денсаулығына өзге де зақым  
келген кезде, сондай-ақ  
ол қаза тапқан (қайтыс болған)  
жағдайда біржолғы өтемақы  
төлеу ережесіне

1-қосымша

Кімге \_\_\_\_\_  
(кеден органы басшысының Т.А.Ә.)  
\_\_\_\_\_ мекен-жайы

бойынша тұратын \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтініш иесінің СТН-і \_\_\_\_\_

**Біржолғы өтемақы төлеуге өтініш**

Сізден \_\_\_\_\_  
(залалдың орнын толтыру үшін негіздеме көрсетіледі)

байланысты маған біржолғы өтемақы төлеуіңізді сұраймын.

Маған тиесілі соманы \_\_\_\_\_  
(банктің атауы, банктің СТН-і, банктің МФО-сы, алушының

---

жеке шотының нөмірі немесе байланыс бөлімшесі арқылы аударған  
жағдайда оның мекен-жайы көрсетіледі)  
аударуыңызды сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

- 1 .
- 2 .
- 3 .
- 4 .
- 5 .

\_\_\_\_\_ (күні мен өтініш берушінің қолы)

Кеден органының лауазымды  
адамына қызметтік міндеттерін  
орындауына байланысты, өзінің  
кәсіби қызметімен одан әрі  
айналысуына мүмкіндік  
бермейтіндей болып мертіккен

не денсаулығына өзге де зақым  
келген кезде, сондай-ақ  
ол қаза тапқан (қайтыс болған)  
жағдайда біржолғы өтемақы  
төлеу ережесіне

## 2-қосымша

### Біржолғы өтемақы төлеуге арналған өтініштерді тіркеу журналы

P/ н	Өтініш келіп түскен күн	Мертіккен, қаза тапқан қызмет- кердің Т.А.Ә. және оның мекен- жайы	Біржолғы өтемақы алушының Т.А.Ә. және оның мекен - жайы	Б і р - жолғы өтем- ақы төлеу үшін негіз- деме	Қарау нәтижесі		
					Біржолғы өтемақы сомасы	Төлем құжаты- ның нөмірі м е н күні	Бас тарту себебі
1	2	3	4	5	6	7	8